

Ақтөбе қаласы

«01» __09__ 2025 ж

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Бөбекжай-балабақша" деп аталатын

«Балажан2030» ЖШС, ясли – сад «Балажан»

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

атынан басшысы

менгерушінің м.а. Жеңіс Айнагул Жасұланқызы

(мектепке дейінгі ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты, болған жағдайда)

бір жағынан және екінші жағынан

Әкеретова Мәдениет

(баланың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

бұдан әрі "ата-ана" деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының) біреуі

(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

(бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарт ясли-балабақша мен баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Бөбекжай-балабақша:

1) Бөбекжай - балабақшаның Жарғысын және осы Шартты сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 20883 болып тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерді қабылдауды іске асыруға;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 29031 болып тіркелді) бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 8275 тіркелді) бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелді) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етуге;

4) баланың өмірімен мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14235 тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруді, сапалы мекепалды даярлықты, теңгерімді тамақтануды, мүлкін сақтауды (киімі, аяқ-киімі) қамтамасыз етуге;

5) баланың әрекетін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;

6) бес күндік, алты күндік (керегін сызу) – сағ 08.00-18.30 дейін бөбекжай-балабақшаға бару кестесін жасауға;

7) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ, тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің

жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), қарама-қарсы бағыттағы енгізілген кезеңде баланың орнын сақтауға;

8) баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

9) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

10) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді бөбекжай-балабақша жыл сайын тамызға дейін шығаруға;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ 59 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 23469 болып тіркелді) сәйкес бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын сақтауға;

12) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрмет көрсетуге міндетті.

2.2. Бөбекжай-балабақша:

1) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жұмыс күндері және демалыс күндері тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызмет көрсетуге;

2) Бөбекжай-балабақшамен мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптары бұзылғанда, тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен жәрмеңке әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген, дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілім болған жағдайларда шығаруға;

3) ата-анаға екі тараптың келісімі бойынша бөбекжай – балабақшада баланың тамақтануы үшін төлемді кейінге қалдыруға;

4) баланы алкагольді немесе наркотикті мас күйдегі ата-анасына немесе заңды өкіліне, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына бермеуге;

5) ата-ана осы шартта көзделген міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде бұл туралы ата-ананың күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын шартты бұзуға;

6) өндірістік қажеттілік болған жағдайда топтарды қосуға құқылы.

2.3. Ата-ана:

1) Жарғымен анықталған ережелерді орындауға, осы шарттың талаптарын сақтауға;

2) баланың тамақтануы үшін 17 600 теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 10-недейін ақша төлеуге;

3) баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;

4) баланы алкагольді немесе наркотикті мас күйдегі, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандар жақын туысқандарына баланы мектепке дейінгі ұйымнан алуды тапсырмауға;

5) ясли-балабақшаға баланың бармайтыны туралы алдын ала уақытында хабардар етуге;

6) тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін ясли-балабақшаға әкелмеуге;

7) ясли-балабақшаны себепсіз босатпауға. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш және одан астам уақыт болмаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйым берген медициналық анықтаманы ұсынуға;

8) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда құрмет көрсетуге;

9) тәрбие мен оқытудың барлық мәселелері бойынша "Мектепке дейінгі ұйыммен" өзара іс-қимыл жасауға;

10) баланың денсаулығына және басқа балаларға байланысты өміріне қауіп келтіретін проблемаларды жасырмауға;

11) баланы, оның қызығушылықтарын ескере отырып:

әдептілікке, төзімділікке және ұлтаралық келісімге;

кибермәдениет пен кибергигиенаға тәрбиелеуге;

12) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға;

13) баланың мектепке дейінгі ұйымға баруын қатамасыз етуге міндетті.

2.4. Ата-ана:

- 1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша және ясли-балабақшада қосымша қызмет үрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;
- 2) баланың бөбекжай-балабақшаның жағдайына бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі араптың келісуімен мектепке дейінгі ұйымда болуға;
- 3) осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;
- 4) алдын ала мектепке дейінгі ұйымды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
3. екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға
4. осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;
5. алдын ала бөбекжай – балабақшаны 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

3. Білім беру қызметін көрсету ақысының мөлшері және төлеу тәртібі

Баланың тамақтануы үшін 17600 теңге сомасындағы ата-ана төлемі ай сайын ағымдағы айдың 10-не дейін төленеді. Тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ тәрбиеленушінің бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда нақты келген күндерінің саны бойынша қайта есептеу келесі айдың басында жүргізіледі және төлем туралы түбіртекке еңгізіледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар ҚР – ның заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Дауларды шешу тәртібі

- 1) осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді;
- 2) тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Форс-мажор

- 1) су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды;
- 2) билік пен басқару органдарының Тараптардың тым болмаса біреуінің осы шарт міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады;
- 3) Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың салдарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

- 1) шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.
- 2) шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрінде ресімделеді.
- 3) шарттың әрекет ету мерзімі 01.09.25 бастап 31.08.26 дейін.
- 4) Осы шарт әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Тараптардың мекенжайы және қолы:

Бөбекжай - балабақша

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

Мекенжайы: Әбубәкір Кердері 11 үй

Бөбекжай-балабақша басшысы м.а.

Жеңіс Айнагүл Жасұланқызы

(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

Қолы Жеңіс

Мөр



Ата-ана:

Бекетовна Жауған
(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

Мекенжайы: Бей-дәулет 13
кв 132

Жұмыс орны: ДОО Лис.

Лауазымы: _____

Байланыс деректері _____

Қолы Б

